

Бекітемін
Директор

А.Кайыпов

**Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназия физика кафедрасының
2022-2023 оқу жылы әдістемелік жұмыс жоспары**

Кафедра тақырыбы:

«Жаңартылған білім мазмұнын, инновациялық әдістерді, заманауи технологияларды меңгерген, еңбек нарығында өзінің кәсіби құзыреттіліктері мен дағдыларын жүзеге асыра алатын, білімді, бәсекеге қабілетті шәкірттерді тәрбиелеу»

Мақсаты:

Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін, технологияларын тиімді қолдана отырып, білім сапасын көтеру.

- Білім сапасын арттырудың қазіргі педагогикалық технологияларын білім тәрбие беру үрдісіне енгізіп, жетілдіру;
- Шығармашылық топтардың жаңа жүйені енгізу және жетілдірудегі жұмыс бағыттарын бекіту, мұғалімдердің ғылыми- әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту.
- Жеке тұлғаны ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу
- Үлгермеушіліктің алдын алу және білім беру қызметінің сапасын арттыру
- Мұғалімдердің оқытудың цифрлық түрін қолдану үлесін арттыру

Міндеттері:

- Білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын мемлекеттік стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Оқу мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, педагогтік қызметте жекелеген бір мәселелерде қиналатын мұғалімдерге жас ерекшеліктерін ескере отырып, диагностикаланған, сараланған негізде ғылыми – әдістемелік көмек көрсету;
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету;
- Педагог қызметін ғылыми – әдістемелік тұрғыда талдау, бағалау, көмек көрсету, әдістемелік бірлестіктердегі ғылыми әдістемелік жұмыстардың жандануына педагогикалық ықпал ету, оқу-тәрбие үрдісінің деңгейін көтеруді әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету, әдістемелік кеңес жұмысының мазмұнын, бағыт – бағдарын айқындау, болжам жаса.

Күтілетін нәтиже:

- білім беру ортасының қоғамның ағымдағы сұранысына бейімделуі;
- оқыту сапасының артуы, мұғалімнің өз пәні саласында білімнің жинақталуы, оқытудың қазіргі әдістерін меңгеруі мен педагогикалық процесті компьютерлік технология көмегімен ұйымдастыруы;

- дарынды оқушылармен жұмыс нәтижесінде олимпиада, ғылыми жоба, түрлі байқаулар жеңімпаздарының санының артуы.

Жұмыстың бағыты	Атқарылатын шаралар	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Жауапты
Әдістемелік отырыстар №1 отырыс	1. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту 2. Әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтар құру, жұмыс жоспарын талдау, бекіту 3. 2022-2023 оқу жылының ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, іс жүзінде жүзеге асыру	1.Жылдық жұмыс жоспарының уақытылы орындалып, жоғары нәтиже көрсету 2.Кафедра жетекшілерінің жұмыс жоспарларын бекіту, іс – шараларды оңтайлы жүзеге асыру	Тамыз	Кафедра меңгерушісі К. Малдыбекова
Әдістемелік отырыстар	Аттестаттаудан өтудің жаңа бұйрығымен таныстыру. ӘБ мұғалімдерінің зерттеу тақырыптарын бекіту ӘБ мұғалімдерін аттестаттаудың перспективалық жоспарын бекіту ӘБ мұғалімдерінің ағымдағы жылға арналған аттестаттаудан өту графигі. ӘБ мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары. Жас және ӘБ-ке жаңадан келген мамандармен жұмыс жоспары	3.Кафедра мұғалімдерінің жұмыс жоспарларын бекіту .	Тамыз	Кафедра меңгерушісі К.Малдыбекова

Әдістемелік отырыстар №2 отырыс	1.2021-2022 оқу жылындағы білім сапасын талдау, жаңа оқу жылыда кемшіліктерді түзету, білім сапасын арттыру жоспарын жасап, бекіту 2.Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту 3.Оқушылардың білім сапасын қалай көтеруге болады?	1.Оқыту сапасын және жұмыстың тиімділігін арттыру 2.Мұғалімдер тәжірибесін шыңдау, тәжірибе алмасу. 3.Коучинг	Қыркүйек-Қазан	Кафедра меңгерушісі К Малдыбекова Пән мұғалімдері
Әдістемелік отырыстар №3 отырыс	1.7-11 сыныптардың білім сапасына талдау, ұсыныстар беру.Білім сапасы бойынша кемшіліктерді түзету бағытындағы іс шараларды ұйымдастыру 2.Мектепшілік олимпиада қорытындысы	1.Өсу мониторингі 2.Мектепшілік олимпиаданы сапалы өткізу, қорытындылау	Жыл бойы Қараша-Желтоқсан	Кафедра меңгерушісі- К Малдыбекова Пән мұғалімдері
Әдістемелік отырыстар №4 отырыс	1.Кафедраның І жарты жылдық қорытындыларын талдау. 2.«Білім беру мазмұнын жаңарту: болашаққа бағдарлану»	Қорытындылау, саралау Оқыту семинары	Қаңтар	Кафедра меңгерушісі- К.Малдыбекова Пән мұғалімдері
Байқаулар	1.Оқушылардың жеке шығармашылық қабілетін жетілдіру мақсатында олимпиада,ғылыми жобалар жарысы, интеллектуалдық ойындарды ұйымдастырып,оқушыларды қатынастыру	Оқушылар арасында білімге деген құштарлықтың оянуы	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
Курстан өту Тапсырмалар	1.Пән мұғалімдерінің өз білім жетілдіру курстарынан өтуін ұйымдастыру 2.Жаратылыстану, физика пәндері бойынша БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын сапалы және көп нұсқада құрастыру	Өз білім жетілдіру	Кесте бойынша Тоқсан бойынша	Кафедра меңгерушісі- К. Малдыбекова
Коучинг	«Қалыптастырушы бағалау-табысқа жету баспалдағы» коучинг	Коучинг	Қаңтар	Г. Досумбекова
Әдістемелік отырыстар №5 отырыс	1. Сыныптағы білім сапасын арттыру, сабақтың берілу сапасын жақсартуда зерттеу сабақтарын жүргізудің тиімділігі	1.Тәжірибе алмасу Қорытындылау, сараптау	Ақпан-Наурыз	Пән мұғалімдері
Ғылыми жұмыстар	Кафедра мұғалімдеріне зерттеу тақырыптары бойынша жұмыстарының жүргізілуіне, кәсіби	Өз білімін жетілдіру	Ақпан	Ж.Аршабаева

	дамуына ықпал жасау жолдары бойынша түсіндірме жұмыстарымен таныстыру			
Ғылыми жұмыстар	«XXI ғасыр көшбасшысы» атты ғылыми-зерттеу конференциясын дайындау және өткізу	Конференция дайындығын талдау	Ақпан	Пән мұғалімдері
Дөңгелек үстел	«Озат тәжірибе »	Тәжірибе алмасу	Наурыз	Пән мұғалімдері
Дебат	«Өмірдегі физика»	Пікір-талас сайысы. Өмірде қолданып жүрген әртүрлі заттардың пайдасы мен зиянын зерттеп, пікір –талас жүргізу.	Сәуір	О.Пердеев
Зияткерлік ойын	«Ең үздік жас физик»	Оқушылардың жаратылыстану әлемімен танысуы, танымдық қабілетін арттыру	Сәуір	Д.Жұмабаев
Ғылыми теориялық конференция	«Жас ғалым»	Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру және ғылыми жаңалық ашуға қызығушылығын арттыру.	Мамыр	Ф. Бегалиева
Әдістемелік отырыстар №6 отырыс	1.Әдістемелік бірлестіктер мен кеңес жұмыстарының жылдық жоспары 2.Педагогикалық ұжымның және жеке мұғалімдердің жетістігін бағалау. 3.Іс-шараларға, байқауға қатысты мониторинг жасау, талдау	Қорытындылау, сараптау, марапаттау	Мамыр	Кафедра меңгерушісі- К. Малдыбекова Пән мұғалімдері.

ӘБ жетекшісі: К. М. Малдыбекова

Физика кафедрасының онкүндігі төмендегі жоспар бойынша өткізілді

	Ашық сабақ тақырыбы	Сыныбы	Өтетін жері	Мерзімі	Ауысым	Жауапты мұғалім
					№ сабақ	
	Қысқа тұйықталу. Балқылама сақтандырғыштар.	8 «К» сыныбы	217 каб	11.04.2022 ж.	Пауысым 3 сабақ	Аршабаева Жадра Туменбайқызы
	Жарықтың түзу сызықты таралу заңдары. Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар.	8 «А» сыныбы	222 каб	14.04.2022 ж	I ауысым 1 сабақ	Досумбекова Гулжан Жуматаевна
	Ядролық өзара әрекеттесуі. Ядролық күштер. Массалар аққауы. Атом ядросының байланыс энергиясы.	9 «Е» сыныбы	217 каб	12.04.2022 ж	I ауысым 4 сабақ	Малдыбекова Кулжан Маликовна
	Радиоактивтілік. Радиоактивті сәулеленудің табиғаты. Атомның құрылысы.	9 «К» сыныбы	111 каб	11.04.2022 ж	I ауысым 1 сабақ	Тулекова Зеберкул Журсинбаевна
	Жарықтың түзу сызықты таралу заңдары. Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар.	8 «Г» сыныбы	111 каб	11.04.2022 ж	I ауысым 3 сабақ	Пердеев Олжас Жорабекович
	Жай механизмдер	7 «Г» сыныбы	217 каб	15.04.2022 ж	II ауысым 4 сабақ	Бегалиева Фариза Алимовна
	Энергияның сақталуы және айналуы	7 «Д» сыныбы	217 каб	12.04.2022 ж	II ауысым 5 сабақ	Жумабаев Даурен Куандыкович

Аршабаева Жадра Туменбайкызы 8«К» сыныбына физика пәнінен «Қысқа тұйықталу. Балқылама сақтандырғыштар.» тақырыбында сабақ өтті. Сабақты қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындатудан бастады. Оқушылар үй тапсырмасы бойынша тест орындады. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындап, жұмысты электронды тақтада тексертті. Сабақ барысында оқушыларға сабақ барысында барлық электрлік жылытқыш аспаптарда қолданылатын қыздырғыш элементтер меншікті кедергілері мен балку температуралары үлкен екі түрлі қоспадан жасалатынын, нихром деп аталатын қыздырғыш элемент темір, хром қоспасы, ал фехраль деп аталатын элемент темір, хром және алюминий қоспасы болып табылатынын, басқа металл өткізгіштерге қарағанда нихромның меншікті кедергісі мен фехральдің меншікті кедергісі ондаған-жүздеген есе үлкен екенін түсіндірді. Қылдың қызу температурасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым шығатын энергияның көп бөлігі жарық түрінде таралатынын, ток көзінің өте аз өткізгішпен тұйықталуын қысқа тұйықталу деп аталатынын, қысқа тұйықталу жағдайында туындайтын қауіп-қатерден қорғау үшін балқымалы сақтандырғыштар деп аталатын арнайы құралдар қолданылатынын, сақтандырғыштар токтың күші өскенде тез балқып кететін өткізгіш – өзекшеден тұратынын түсіндірді. Сабақ барысында тұрмыста қолданылатын электр құралдарының 1 сағаттағы жұмысын есептеуге арналған жеке карточка бойынша өздік жұмыс берді. Қысқа тұйықталумен есептегішке арналған жұмбақтар ұсынды, оқушыларды жұптастырып тақырыптық есептер беріп жұптық жұмыс орындату арқылы оқушылар көптеген қызықты мәліметтерге көз жеткізді. Оқушыларды топқа бөліп «тізбекке жалғанған электр тұтынушылар санын көбейтсек, сақтандырғыштардың қыл сымы неге күйіп кетеді, неге өндіріс орындарындағы сақтандырғыштар көбінесе кешкі мезгілде күйіп кетеді, балқымалы сақтандырғыштың қыл сымын нәліктен қорғасыннан жасайды», - деген сұрақтарды қарастырып оқушыларға топтық жұмыс орындату арқылы оқушылардың сабаққа деген ізденушілігі мен талпынысы арта түсті.

Қорытынды: Мұғалім өте шебер екендігін көрсетті. Сабақ жоспар бойынша жүргізіліп, өз нәтижесін көрсетті. Сабақта оқушылармен топпен де, жұппен де жұмыс жасай білді. Оқушылардың сабаққа қызығушылық арттырып, оқушылардың өздерін еркін ұстауға бір-бірімен ойларымен бөлісіп, сабаққа деген ынталарын арттырып, белсенді қатысып, жеке деңгейлік тапсырмаларды беру арқылы балалардың жас ерекшеліктеріне, дағдыларына, таланттылығына сәйкес білім алуына барынша тырысты. Пән бойынша бағдарламалық қалу, ауытқу болмады. Мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс дұрыс қалыптасқан.

Ұсыныс:

- оқу үшін бағалау жұмыстарын тәжірибеге ендіру.
- әдіс-тәсілдердің тиімділіген жете анықтап барып қолдануды меңгеру;
- оқушы белсенділігін басты назарда ұстау.

Досумбеква Гулжан Жуматаевна 8 «А» сыныбына «Жарықтың түзу сызықты таралу заңдары. Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар» тақырыбында ашық сабақ өтті. Жаңа сабақты түзу сызықты, жарықтың ұзындықтары, көлеңкенің кескінін қарастыруда геометрия пәнімен байланыстырудан бастады. Жарықтың біртекті ортада түзу сызық бойымен таралуын, көлеңкенің пайда болатынын кестеде берілген суреттер бойынша бейнесін графикалық түрде бейнелеу арқылы күн мен айдың тұтылуын біледі, күн мен

айдың толық және жартылай тұтылуын біледі, күн мен айдың тұтылуын графикада бейнелей алады, жарықтың түзу сызық бойымен таралуын қолданып жарық көзін таба алады.

Күннің және Айдың тұтылуын графикалық түрде бейнелеу, сызу пәндерімен байланыстырды. «Серпілген сауал» әдісі арқылы шарды көршілеріне лақтыра отырып қайталауға арналған сұрақтар қойды. Оқушыларды ойландыру үшін алдын ала дайындалған сұрақтар қоя отырып, сөзбен қолдау көрсетіп, диалог арқылы ынталандыруға жетеледі.

Жұптық жұмыс барасында «Тарсия» әдісін қолдану арқылы жарықтың біртекті ортада түзу сызық бойымен таралуын, көлеңкенің пайда болатынын кестеде берілген суреттер бойынша бейнесін графикалық түрде бейнелеп көрсетті.

«Ой қозғау» әдісін пайдалана отырып сұрақ - жауап арқылы әр топпен жұмыс жасады.

Қорытынды: Оқушылардың қарқынына қарай, кейбір оқушылардың жылдам жұмыс істей алуын, тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануды тиімді жоспарлаған. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылардың оқу нәтижелерін уақытылы нақты көрсете отырып, әлі де болса қол жеткізуге болатын мүмкіндіктерін атап , қолдау көрсете білді.

Ұсыныс:

- Оқушы белсенділігін басты назарда ұстау;
- топтық жұмыста мұғалім тек бақылаушы ғана емес, оқушылармен тығыз байланыса отырып, көмек беруші қызметін атқаратындығын да ескеру;

Малдыбекова Кулжан Маликовна 9 «Е» сыныбында физика пәнінен «Ядролық өзара әрекеттесу. Ядролық күштер. Массалар аққауы. Атом ядросының байланыс энергиясы» тақырыбында ашық сабақ көрсетті. «Сұрақ жауап» әдісі арқылы өткен тақырыпты еске түсіруден бастады. Оқушыларға тақырыпты «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі арқылы түсіндірді. Сабақты бекіту мақсатында бір оқушыны тақтаға шығартып, «**Мен бүгін ... жаттап алдым**» әдісін қолданып, тақтаға шығып сөйлемді айту арқылы басқа оқушылар материалды қаншалықты меңгергенін білу үшін бірқатар сұрақ қойды. Сабақты «Тақырыптық түйінді сөздер» әдісі арқылы бекітті. Оқушылар «Табыс критерийлерін» басшылыққа ала отырып, бір бірін «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалады. Сабақ оқушылардың алдын-ала дайындап келген слайдтарын таныстырудан басталды. Оқушылар өндірісте және медицинадағы рөлін талдады. Жағымды жағымсыз жақтарын зерттеп шықты. Берілген жеке қалыптастырушы бағалау парақтарына әрбір топ өз бағаларын қойып отырды. Сабақтың негізгі бөліміндет Венн диаграммасын жасау арқылы ядролық күштердің негізгі қасиеттерін қолданысын талқылап шықты, өз ойларын ортаға салып, қорытындылады. Оқушылар функционалдық сауаттылықты дамытуға және алған білімдерін өмірде қолдануға арналған тапсырмаларын орындады.

Қорытынды:

Сабақ дұрыс жоспарланған. Оқушылардың өз бетінше ізденіп, жұмыс жасағандығы көрініп тұр. Мұғалім де, оқушылар да тест тапсырмаларына көбірек назар аударды. Сабақ жоғары деңгейде жоспарланған. Тақырыпты ашу үшін оқушыларға барлық мүмкіндіктер тиімді түрде ұйымдастырылды. Топтық жұмыс жүрді.

Ұсыныс:

- бағалау үдерісі бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізу;
- жаңашыл әдіс-тәсілдерді күнделікті қолданысқа енгізуді қалыптастыру.

Тулекова Зеберкул Журсинбековна 9 «К» сыныбына «Радиоактивтілік. Радиоактивті сәулеленудің табиғаты. Атомның құрылысы.» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақты оқушыларға берілген сурет бойынша атом құрылысына және атом бөлшектерінің массалық үлесіне сипаттама беруден басталды. Оқушыларды топқа бөліп «Радиоактивті қауіп» белгісінің суретін көрсету арқылы уәж тудырды. Оқушыларға «Радиоактивтіліктің ашылу тарихы», «Жинақтау кестесі» толтыру арқылы оқушылар радиоактивтіліктің ашылу тарихы туралы ақпарат алды. Оқушыларға «Суреттер сөйлейді» тақырыбында Радиоактивтілік дегеніміз не? Радиоактивті сәуле шығарудың құрамы күрделі екенін дәлелдейтін экспериментке сипаттама беру тапсырмасы берілді. «Радиоактивтілік дегеніміз не? Радиоактивті сәуле шығарудың құрамы күрделі екенін дәлелдейтін экспериментке сипаттама беру арқылы оқушылар радиоактивтілік құбылысын түсіне алды. «Радиоактивті сәулелердің өтімділігі» бейнематериалды қарау арқылы оқушыларға «Семантикалық карта» жасатқызды. Оқушыларға «Радиоактивті сәулелердің қасиеттері» тақырыбында мәтінмен жұмыс жасату арқылы оқушылар α , β және γ сәулелерін салыстырып, ажырата алатын болды. Жеке жұмыс барысында оқушыларға «Физикалық диктант» берілді және тапсырманы орындауға барлық оқушыларға бірдей уақыт берілді.

Кері байланыс бойынша «Жетістік күнделігі» әдісі Нені білдім? Не үйрендім? Нені қайталау керек?

Қорытынды: Сабақ жоғары деңгейде жоспарланған. Тапсырмалар жаңа әдіс-тәсілдерге негізделіп жасалған. Оқушылар тақырыпты ашу үшін жан-жақты ізденгендері көрініп тұр. Топтық жұмыс жүргізіліп, оқушының ойы мен пікірін мұғалім тыңдап, бағалай білді.

Ұсыныс:

- бағалау үдерісі бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізу қажет;
- сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді күнделікті қолданысқа енгізу қажет.

Пердеев Олжас Жорабекович 8 «Г» сыныбына «Жарықтың түзу сызықты таралу заңдары. Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақты оқушыларға «Тақырыпты тап?» әдісі арқылы оқушыларға «скарық көздері», «Айдың тұтылуы», «Көлеңкелердің түрлері» суреттерді ұсынып, сол суреттерге байланысты сұрақ қою арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамытады. Сол сұрақтар арқылы сабақ тақырыбы қандай болуы мүмкін екендігін анықтауды ұсынады және топқа бөледі. Жаңа сабақты «Стоп кадр» әдісі арқылы бастады Мұндағы бейнеролик арқылы оқушылар өздері құрастырған сұрақтарына жауаптар ала алды. Жарық көздері жарықтың таралу заңына байланысты бейнематериалдарды көрсету арқылы оқушылардың тақырыпты толықтай түсіндірді. «Бірізді сұрақ-жауап» әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар қою арқылы табиғи жарық көздеріне не жататынын, жасанды жарық көздерін,

табиғи және жасанды жарық көздерінің айырмашылығын анықтау арқылы табиғи жарық көздерін білді, жасанды жарық көздерін білді, табиғи және жасанды жарық көздерінің айырмашылығын білді және ажырата алды.

Керемет жарайсың, өте жақсы, жақсы, жақсы бірақ әлі де жұмыс жасау керек деген кері байланыстар арқылы оқушыларды жігерлендіріп отырды. Қараңғыланған бөлмеде сыныптың сыртында тосу үшін бір оқушыны таңдайды. Содан кейін бір оқушыдан оның көлеңкесі тақтаға түсетіндей сынып бөлмесінің артқы жағына отыруын сұрайды. Алынған көлеңкенің контурын сызып қояды. Сыртта тұрған оқушыны шақырып, ол тақтадағы профиль кімдікі екенін анықтауы керек. Бұл ойынды келесі оқушымен де қайталауға болады. Осы ойын арқылы оқушылардың арасында көлеңкенің пайда болу себептерін білуге деген құштарлық пайда болады. Ал ол сұрақтардың жауабын келесі тапсырмаларды орындау барысында түсінді, білді. «Ойда тұтқаныңды дәлелде, суретін сал» әдісі бойынша алған білімдерін тиянақтап дәлелдейді және графикалық түрде сызып көрсетті. Берілген сұрақтар арқылы «Ойынды дәлелде» әдісі арқылы көлеңкенің пайда болу себептерін түсіндірді.

Қорытынды: Кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік беретіндей тиімді кері байланыс арқылы жұмыс жасап отырды. Өздерін емес, орындаған тапсырмаларын бағалау арқылы оқуына қолдау көрсетіп отырды. Сабақ дұрыс жоспарланған, жоспарға сәйкес жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды толық жүзеге асыра білді. Түрлі смайлик және басбармақ бағалау құралдарын пайдалана отырып, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырылғанын, тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтады.

Ұсыныс: Жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта қолдана білгенімен әлі де болса көбірек ізденуді қажет етеді. Уақытты тиімді пайдалануға дағдылану қажет.

Бегалиева Фариза Алимовна 7 «Г» сыныбына биология пәнінен «Жай механизмдер» атты тақырыпта ашық сабақ өтті. Сабақты оқушыларға берілген үлестірмелі қағаздарды алып, шағын топтарға бөлінеді. Оқушылар берілген суреттерді салыстыра отыра қорытынды шығарып,

аса ауыр денелердің массаларын анықтау үшін қолданылатын таразылардың оң және сол иіндері әр түрлі ұзындықта жасады. Оқушыларға иіндері үшін он саны еселік болып келетін таразылар ондық таразылар деп аталатынын түсіндірді, күштен ұту үшін, әдетте, жылжымайтын және жылжымалы блоктарды бірге пайдаланатынын түсіндірді, жылжымайтын блок жұмысты атқару үшін ыңғайлы болу үшін ғана қолданылатынын және ол күштен ұтыс бермегенмен, күштің әрекет ету бағытын өзгертуге мүмкіндік беретінін түсіндірді. Оқушыларға сурет арқылы жай механизмдердің орналасуы жайлы мағлұмат берді. Сабақ дұрыс жоспарланған, өтілу барысында жоспарға сай жүргізілді. Үй тапсырмасына оқушылар түгел дайындалған. «Бағалау терезесі арқылы кері байланыс жасатты. Терезе төрт бөліктен тұрады. «Маған бәрі де түсінікті», «Сұрақтар пайда болды», «Мен есте сақтадым», «Түсінбедім». Оқушыларға нақты нені түсінгенін жазу арқылы кері байланыс жасатқызды.

Қорытынды: Кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік беретіндей тиімді кері байланыс арқылы жұмыс жасап отырды. Өздерін емес, орындаған тапсырмаларын бағалау арқылы оқуына қолдау көрсетіп отырды. Сабақ дұрыс жоспарланған, жоспарға сәйкес жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды толық жүзеге асыра білді. Түрлі смайлик және басбармақ бағалау құралдарын пайдалана отырып, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырылғанын, тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтады.

Ұсыныс: Жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта қолдана білгенімен әлі де болса көбірек ізденуді қажет етеді. Уақытты тиімді пайдалануға дағдылану қажет.

Жумабаев Даурен Куандыкович физика пәнінен 7 «Д» сыныбына «Энергияның сақталуы және айналуы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақты механикалық жұмыстың энергия өзгерісіне түрленетін мысалдарды өмірден келтіріп, пәнге қатысты сөздік қор мен терминдерді қолданып бастады. Оқушылар «Шаттық шеңбер» бойынша бір-біріне сәттілік тіледі. «**Миға шабуыл**» әдісі бойынша бейнефильмде зымыранның ұшуы көрсетіліп, проблемалық сұрақ туғызды. Жұптық жұмыс барысында оқушыларға кесте ұсынып, оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытты. Сабақта оқушыларға ширату жаттығулары арқылы өткен тақырып бойынша сұрақ-жауап алу арқылы оқушыларда нақтылау, сұрақ қоя білу, танымдық ойлау, іздену дағдыларын қалыптастырды. Өткен тақырыпты пысықтау үшін оқушыларды топтарға бөліп тапсырмалар берді. Оқушыларға сурет көрсету арқылы оқушылар суретте не болып жатқанын және оның себебін түсіндіру арқылы оқушыларда көру, ажырату, баяндау, толықтыру дағдыларын қалыптастырды. **Джигсо әдісін қолданып** әр топ мүшелеріне әр түрлі деңгейдегі есептер беріп, оқушылар өздеріне берілген есепті шығарып, топта өзара талқылайды. Сәйкес деңгейдегі есебі бар оқушылар өзара бір топқа жиналып өз тобындағы барлық оқушылардың есебін түсіндірді. Мұнда оқушылардың талдау, салыстыру, синтез, жалпылау сияқты логикалық ойлау дағдылары дамытты. **Деталь қосу әдісі** бойынша сабақта алған білімдерін жинақтауға бейімдеді.

Бірінші оқушы қойылған сұраққа жауап беріп, келесі оқушы өзіне қойылған сұраққа жауапты алдындағы оқушы жауабын қоса айтады, келесі оқушы өз жауабына қоса алдыңғы екі оқушы жауабымен қоса айту арқылы білімдерін тереңдете түсті.

Қорытынды: Мұғалім өте сауатты, ізденімпаз, жаңашыл. Сабақ жақсы жоспарланған. Оқушылар үйде жан-жақты ізденген. Тақырып қазақтың дәстүрлі үй кәсіпшілігі мен қолөнері болғандықтан әрбір баланың жүрегіне жақын, кең көлемде қамтылып, тақырыптың мәні толығымен ашылды.

Ұсыныс:

- бағалау үдерісі бойынша әлі де ізденуді қажет етеді;
- жаңаша әдіс-тәсілдерді сабақта үнемі қолдану қажет.